



ҚАЛАЛЫҚ ДУЭТТЕРДІҢ МУЗЫКАЛЫҚ БАЙҚАУЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

«БІР ӘН САЛАЙЫН – 2026»

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже «Бір ән салайын» қалалық дуэттер музыкалық байқауын (бұдан әрі – Байқау) ұйымдастыру мен өткізудің мақсаттарын, міндеттерін, тәртібін және шарттарын айқындайды.

1.2. Байқау Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен өткізіледі.

1.3. Байқаудың ұйымдастырушысы – Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы (бұдан әрі – Ұйымдастырушы).

1.4. Байқаудың көркемдік, педагогикалық және ұйымдастырушылық сүйемелдеуі Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА оқытушылары, тренерлері мен мамандары арқылы жүзеге асырылады.

1.5. Байқау шығармашыл жастарды қолдау, жоғары оқу орындары арасындағы мәдени өзара іс-қимылды дамыту және музыкалық өнерді кеңінен насихаттау мақсатында өткізіледі.

2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

2.1. Байқаудың мақсаты – Алматы қаласының жоғары оқу орындарында білім алатын дарынды студенттерді анықтау, қолдау және ілгерілетуге бағытталған қалалық шығармашылық платформаны қалыптастыру.

2.2. Байқаудың негізгі міндеттері:

- болашағы зор жас орындаушыларды анықтау;
- жоғары оқу орындары арасындағы шығармашылық ынтымақтастықты дамыту;
- кәсіби тәлімгерлік қағидаты негізінде дуэттер қалыптастыру;
- қазақстандық және әлемдік музыкалық репертуарды дәріптеу;
- сапалы концерттік және медиалық өнім қалыптастыру;
- студенттік шығармашылықтың қалалық деңгейдегі мәртебесін арттыру.

3. Нысаналы аудитория және қатысушылар

3.1. Байқауға Алматы қаласының жоғары оқу орындарының 18 жастан асқан студенттері қатыса алады.

3.2. Гала-финалға төмендегі құрамда қалыптасқан дуэттер қатысады:
– Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-ның кәсіби студенті («Эстрадалық вокал» бағыты);
– конкурстық іріктеуден өткен Алматы қаласындағы өзге жоғары оқу орнының студенті.

4. Өткізу мерзімі мен орны

4.1. Байқауды іске асырудың жалпы кезеңі – 2026 жылғы ақпан–сәуір айлары.

4.2. Іріктеу кезеңдері 2026 жылғы ақпан және наурыз айларында Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА базасында өткізіледі.

4.3. Байқаудың гала-финалы 2026 жылғы 14 сәуірде Concordia театрында өтеді.

5. Байқау кезеңдері

5.1. Бірінші іріктеу туры – 2026 жылғы 24 ақпан және 1 наурыз.

5.2. Екінші іріктеу туры – 2026 жылғы 8 наурызға дейін.

5.3. Дуэттерді қалыптастыру – 2026 жылғы 15 наурызға дейін.

5.4. Дуэттердің конкурстық кезеңі – 2026 жылғы 16 наурыз (11–12 үздік дуэт іріктеледі).

5.5. Финалистерді даярлау – 2026 жылғы 23 наурыздан бастап.

5.6. Гала-финал – 2026 жылғы 14 сәуір.

6. Репертуар және орындау форматы

6.1. Байқау 15 сәуір – Қозы Көрпеш пен Баян сұлу күніне орай ұйымдастырылып, махаббат, эмоциялық диалог және серіктестік тақырыптарына арналады.

6.2. Репертуар қазақ және шетел тілдеріндегі махаббат тақырыбындағы қазақстандық және әлемдік музыкалық шығармаларды қамтиды.

6.3. Орындауға ұсынылатын шығармалар қатысушылардың вокалдық және актерлік мүмкіндіктерін ескере отырып Ұйымдастырушы тарапынан бекітіледі.

7. Қазылар алқасы және бағалау критерийлері

7.1. Байқау өнер көрсетулерін мәдениет пен өнер саласының еңбек сіңірген қайраткерлері, әртістер, бейіндік пәндер педагогтері, профессорлар және музыка мен сахналық өнер саласының мамандарынан құралған кәсіби қазылар алқасы бағалайды.

- 7.2. Бағалау келесі критерийлер бойынша жүргізіледі
- вокалдық шеберлік деңгейі (интонация тазалығы, диапазон, орындау техникасы);
 - артистизм және сахналық мәдениет;
 - дуэттің ансамбльдік өзара әрекеті (сахналық серіктестік, эмоциялық байланыс);
 - номердің көркемдік тұтастығы;
 - шығарманы интерпретациялаудың өзіндік ерекшелігі;
 - репертуардың байқау тақырыбына сәйкестігі;
 - жалпы сахналық әсер.

7.3. Бағалау Ұйымдастырушы бекіткен балдық жүйе бойынша жүзеге асырылады.

7.4. Қазылар алқасының шешімі түпкілікті болып табылады және қайта қарауға жатпайды.

7.5. Қазылар алқасы:

- арнайы номинациялар тағайындауға;
- жүлделі орындарды бөлісуге;
- орындау деңгейі жеткіліксіз болған жағдайда жекелеген орындарды бермеуге құқылы.

8. Марапаттау

8.1. Гала-финал қорытындысы бойынша келесі марапаттар тағайындалады:

- Гран-при;
- I орын;
- II орын;
- III орын;
- Арнайы номинация (қазылар алқасының жүлдесі).

8.2. Гран-при иегері 2 000 000 (екі миллион) теңге көлеміндегі ақшалай сыйлыққа ие болады.

8.3. I, II және III орын иегерлері дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

8.4. Гала-финал қатысушыларына финалист дипломдары табысталады.

8.5. Ұйымдастырушы серіктестер мен демеушілер атынан қосымша ынталандыру сыйлықтарын белгілеуге құқылы.

9. Қатысу шарттары

9.1. Байқауға қатысу үшін өтінімді (№1 қосымша) 2026 жылғы **26 ақпан сағат 20:00-ге** дейін askarov.ansar.u@gmail.com электрондық поштасына жолдау қажет, кастинг онлайн форматта өткізіледі. Іріктеу кезеңіне қатысу үшін өтініммен бірге бейнежазбаны жолдау қажет.

9.2. Қатысушылар репетициялар мен іс-шаралар кестесін сақтауға міндетті.

9.3. Өтінім беру осы Ереженің барлық шарттарымен келісуді білдіреді.

9.4. Ұйымдастырушы репетицияға қатыспау, регламентті бұзу немесе жалған ақпарат беру жағдайында қатысушыны байқаудан шеттетуге құқылы.

10. Жүлде қоры

10.1. Байқау жеңімпазына (Гран-при) 2 000 000 теңге көлемінде жүлде қоры белгіленеді.

10.2. Қосымша номинациялар мен марапаттар тағайындалуы мүмкін.

11. Медиялық сүйемелдеу және дербес деректер

11.1. Байқау аясында фото және бейнетүсірілім жүргізіледі.

11.2. Қатысушылар өз бейнелері пайдаланылатын материалдарды ақпараттық және жарнамалық мақсатта ақысыз қолдануға келісім береді.

11.3. Қатысушылар өтінімде көрсетілген дербес мәліметтердің байқауды ұйымдастыру және өткізу мақсатында өңделуіне келісім береді.

12. Тараптардың жауапкершілігі

12.1. Ұйымдастырушы қатысушылардың жеке заттарына жауап бермейді.

12.2. Қатысушылар ұсынылған мәліметтердің дұрыстығына жауапты.

12.3. Ұйымдастырушы бағдарламаға өзгерістер енгізуге құқылы, бұл туралы қатысушылар алдын ала хабардар етіледі.

13. Форс-мажор

13.1. Төтенше жағдайлар, мемлекеттік органдар шектеулері және еңсерілмейтін өзге де мән-жайлар кезінде іс-шараның кейінге қалдырылуы немесе тоқтатылуы үшін Ұйымдастырушы жауапкершілік алмайды.

14. Байланыс деректері

Байқау ұйымдастырушысы: Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы

Заңды мекенжайы: Қазақстан, Алматы қ., Панфилов көш., 127

Электрондық пошта: kaznai@art-oner.kz

Телефон: 8 (727) 338-35-55

Ресми сайт: kaznai.kz

Жоба үйлестірушісі: Асқар Аңсар Ұзақбайұлы

Лауазымы: «Арт-менеджмент және продюсерлеу» кафедрасының оқытушысы

Телефон: +7 (747) 726-07-01

E-mail: Askarov.ansar.u@gmail.com

15. Қорытынды ережелер

15.1. Осы Ереже жарияланған сәттен бастап күшіне енеді.

15.2. Даулы мәселелер Ұйымдастырушы тарапынан жұмыс тәртібімен шешіледі.

№1 қосымша

«Бір ән салайын – 2026»

қалалық музыкалық дуэттер байқауына қатысуға арналған
ӨТІНІМ ФОРМАСЫ

Тегі	
Аты	
Әкесінің аты	
Туған күні	
Байланыс телефоны	
Электрондық пошта (Email)	
Telegram желісіндегі никнейм (@username форматында)	
Жоғары оқу орнының атауы	
Курсы	
Факультеті	
Мамандығы	
Оқыту тілі	
Сізде кәсіби музыкалық білім бар ма?	
Сахналық тәжірибеніз бар ма? (иә / жоқ)	
Қалаулы музыкалық бағытыңыз (стиліңіз)	
Қандай тілдерде ән айтасыз?	
Негізгі орындау тілі	
Бойы (см)	
Салмағы (кг)	
Киім өлшемі	
Аяқ киім өлшемі	
Instagram (никнейм)	
TikTok (никнейм)	
Сахналық псевдониміңіз бар ма?	
Егер бар болса, сахналық псевдониміңізді көрсетіңіз	
«Бір ән салайын» жобасына не себепті қатысқыңыз келеді?	
Бейнематериалға сілтеме (қатысушының кез келген репертуарды өз орындауындағы бейнежазбасы)	